29 qazan
2022 jyl
senbi

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

№122 (19117)

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ

Ұсыныстар ескерусіз қалмайды



Сүретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Ақсу ауданында тұрғындармен кездесіп, өңірдің жетістіктерімен қатар, кемшін тұстарын да атап көрсетті. Халыққа құлақ түріп, көтерілген мәселелердің шешу жолдарын ұсынды. Жауапты мамандарға нақты тапсырма беріп, нәтижесін қатаң бақылайтынын баса айтты.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысындағы жұмыс сапарында көтерілген маңызды жайттарды сөз еткен Бейбіт Өксікбайұлы Ақсу ауданына қатысты берілген тапсырмаға ерекше тоқталды. Соның бірі – қант тапшылығын жою еске салды.

– Ақсу қант зауытына 12 млрд. теңге бюджеттік инвестициялар түрінде мемлекеттік қолдау көрсетілгеніне қарамастан, кәсіпорын тоқтап тұр. Соның кесірінен жазда қант тапшылығы орын алып, бағасы күрт өсті. Сарқан, Ақсу аудандарында қант қызылшасын өсірген фермерлер оны 150 шақырым жердегі Көксу қант зауытына тасымалдауға мәжбүр. Осыған байланысты, Мемлекет басшысы қысқа мерзімде зауытты іске қосуды, жаңа инвесторларды тарту мүмкіндігін қарастыруды тапсырды, – деді облыс әкімі. Сонда ғана аймақтағы екі қант зауытының жүктемесін қамтамасыз етіп, шығарылатын ақ қант көлемі 2026 жылға дейін 180 мың тоннаға дейін жетеді.

Алайда, Ақсу ауданында биыл қызылша 565 га. себіліп, оның 500 гектары ғана жиналған. Өнімділік тым төмен. Зауытқа небәрі 4,1 мың тонна қызылша өткізіліпті. Аудан әкімдігі бұл мәселені түбегейлі зерделеп, кемшіліктердің қайталанбауы үшін келесі жылы қант қызылшасы алқаптарын ұлғайтып, технология талаптарын сақтап, гектар өнімділігін арттыруға қатысты нақты жоспар жасауы тиіс. Қазір отандық агросекторға жанжақты қолдау көрсетілуде. Мәселен, қант қызылшасын сатып алу бағасы артты. Келесі жылы тәтті түбірдің тоннасы үшін 40 мың теңге төленді.

Аймақ экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосып жатқан Ақсу ауданы ауыл шаруашылығы бағытында, ірі қара, қой мен ешкі басы бойынша облыста 1-ші, картоп егістігі бойынша 2-ші, ал майлы дақылдар бойынша 3-орында. Ауданда өңдеу цехтары жоқ, картоп пен көкөніс сақтайтын бір ғана қойма бар. Сүт басқа өңірге өткізілуде. Осындай олқылықтарды көтерген аймақ басшысы ауылшаруашылық жерлердің жетіспеушілігін де қозғады.

– Ақсу ауданында, оның ішінде Қызылағаш, Қапал, Матай ауылдық округтерінде бұл мәселе күрделі болып тұр. Қазіргі кезде жер комиссиясы құрылып, игерілмеген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жүргізілуде. Пайдаланылмай жатқан 219 мың гектар жердің 9,9 мың гектары ғана мемлекет меншігіне қайтарылған, 50 мың гектар жайылым жерді қайта айналымға енгізген. Бұл облыстағы төменгі көрсеткіш, – деп жауапты мамандарға аудан әкімімен бірлесіп, жаңа өңдеу өндірістерін, тауарлы-сүт фермаларын, жылыжайлар мен көкөніс қоймаларын ашу үшін инвесторлар тартуды жандандыруды, игерілмей жатқан жерлерді қайтаруды, заңға сәйкес конкурс өткізіп, шаруа қожалықтарының пайдалануына беруді, сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес ірі шаруашылықтардың жерді пайдалануына тексеру жүргізуді тапсырды.

Бейбіт Өксікбайұлы «Қызылағаш» су қоймасының суын толық пайдалану үшін биыл Қызылағаш суару алқабы құрылысының басталуына республикалық бюджеттен 4 млрд. теңге бөлінгенін айтты. Ондағы құрылыс жұмыстары 2024 жылы аяқталып, айналымға 5,3 мың гектар жаңа суармалы жер енгізілмек. Аудандағы орта және шағын бизнес, инвестиция тарту, халықты ауызсумен, газбен, жұмыспен қамту, жолдарды жөндеу, білім, мәдениет, спорт, туризм салаларына тоқталды. Тұрғындардың әлеуметтік жағдайына ерекше назар аударды.

– Ауданда үй кезегінде 791 адам тұр, 2021 жылмен салыстырғанда олардың саны 98-ге артты. 2023 жылдың наурыз айында Жансүгіров ауылында 50 пәтерлі көпқабатты тұрғын үй мен 10 жеке тұрғын үй пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, 2023 жылы 20 жеке тұрғын үйдің құрылысына қаражат қарастырылады. Бұдан басқа, Қапал ауылында 20 жеке тұрғын үй құрылысының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Апатты үйлердің тұрғындарын көшіру мәселесін кезең-кезеңімен шешу үшін жеке инвестордан 36 жаңа пәтер сатып алынады, – деп жеке қабылдауында болған адамдардың басым көпшілігі тұрғын үй мәселесін көтергенін айта келе, халыққа шын мәнінде әлеуметтік жағынан көмектесу керектігіне көңіл бөлді. Алдағы кезде бюджетке міндетті түрде өзгерістер енгізіп, 60 пәтерлік тағы бір тұрғын үй салуға қаржы бөлінетінін аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға баспана берілетінін жеткізді.

Тұрғындар тарапынан қойылған сауалдардың басым бөлігі мектеп салу, жол жөндеу, суармалы, жайылымды жердің жетіспеуі және баспанаға байланысты болды. Көлтабан ауылынан келген Мұрат Рахимов жаңадан салынатын мектептің жайын қозғады. Бастапқыда 120 орынды мектептің жобасы 80 орынға қысқарған. Соны қайта қалпына келтіруге ықпал етуін өтінді. Бейбіт Өксікбайұлы ауыл халқының азайып-көбеюін, оқушы санын бақылап, қажетті шешім қабылданатынын айтты.

Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі Сәбит Бармақов келесі жылы Ақын Сараның 170 жылдығы өтетінін, Талдықорғандағы өнер мектебіне сол кісінің атын беру туралы ұсынысын білдірді. Облыс әкімі айтулы мерекеге дайындықты қазірден бастау керегін айтып, өнер мектебіне Ақын Сараның есімі берілетінін хабарлады. Арасаннан Қапалға дейінгі жолға орташа жөндеу жүргізіліпті.

Алайда гранит таситын жүк көліктері қайта бүлдірген. Сондықтан облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы үстіне бір қабат асфальт төсеуді қарастыруда. Суықсайдың тау арқылы өтетін жол да қайта жөнделеді. Жаңалықтан Ақсу ауылына дейінгі 22 шақырым жолға күрделі жөндеуге қатысты облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы зерттеп, зерделеп тиісті ұсыныстар беретін болды.

Кездесу соңында облыс әкімі Бейбіт Исабаев өзінің орынбасарларына, басқарма басшылары мен Ақсу ауданының әкімі Есім Базархановқа көтерілген мәселелердің бірде-бірін ескерусіз қалдырмай, халықпен етене жұмыс істеуді міндеттеді.

Ақсу ауданы
Жетісу облысы

ӨЗЕКТІ

Жемқорлық – қоғам дерті

Жетісу облысы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті. Оған ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов қатысты.

Жиынды облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаев жүргізіп отырды.

Басқосуда сөз алған Саян Қылышұлы жемқорлыққа қарсы істелген жұмыстарды баяндап, Жетісу облысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын таныстырды.

– Агенттік тарапынан әр аймақтың ерекшелігі ескеріліп, өңірлер үшін жемқорлық тәуекелдер картасы әзірленді. Мұнда әкімшілік кедергілердің болуына, қызметшілердің озбырлығына, заңнаманың жетілмегендігіне байланысты шешімін таппай жүрген мәселелер тізбесі айқындалған,–дей келе облыста атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Жетісу облысы бойынша тәуекелдер картасына құрылыс және тұрғын үй, ауыл шаруашылығы, медицина, жол және инфрақұрылым, фискальдық сала енгізілген. Бүгінде аталмыш карта аясында аумақтық департамент бірқатар шаралар атқарыпты. Атап айтсақ, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді заңсыз бөлу дерегі анықталып, 47 пәтер мемлекеттік қорға қайтарылған. Жол саласы бойынша автожолдарды орташа жөндеудің сметалық есептерін жасау барысында жұмыс құнын негізсіз ұлғайту жағдайлары анықталыпты. Медицина саласында қабілетсіз кәсіпкерлердің сенімгерлік басқаруында болған медициналық мекемелер мемлекет меншігіне қайтарылыпты. Соңғы 2 жылда сыбайлас жемқорлыққа қызмет тарапынан енгізілген ұсыныстар негізінде өңірдегі мемлекеттік сатып алу жоспарлары қайта қаралып, 12 млрд. теңгеден астам қаражат үнемделген. Әкімдік пен оған бағынысты ұйымдардың қызметкерлеріне қатысты 116 қылмыстық іс тіркелсе, соның ішінде 40-ы бірінші басшылар мен орынбасарларының үстінен қозғалған.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары аймақта сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасында көрсетілген сұрақтар бойынша арнайы іс-шаралар жоспары бекітілетінін айтты. Сонымен қатар, ведомствоаралық комиссияның мүшелеріне ұсыныстарды 3 жұмыс күні ішінде облыс әкімі аппаратының мемлкеттік-құқықтық бөліміне енгізуді сұрады.

***

Бұдан соң Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің превенция қызметінің басшысы Саян Ахметжанов Жетісу жеріндегі шағын және орта кәсіпкерліктің өзекті мәселелерін және өзара іс-қимылдың жаңа форматын талқылау мақсатында жергілікті кәсіпкерлермен кездесті.

Кездесуді жүргізіп отырған облыс әкімінің орынбасары Жеңіс Тұяқов алдымен сөзді агенттіктің кәсіпкерлікті қолдау бойынша қабылдап жатқан шараларын таныстыру үшін Саян Ахметжановқа берді.

– Алға қойған міндеттерге сәйкес біздің қызметкерлеріміз тарапынан заңсыз араласудан қорғау тетіктері енгізілуде. Бүгінгі таңда кәсіпкерлерге қатысты тергеу әрекеттерінің орталық аппаратымен келісу алгоритмі әзірленді. Тергеу әрекеттерін келісуден басқа, кәсіпкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ғимаратына кез келген негізсіз шақырулар қашықтан онлайн қадағаланатын болады, – деген агенттіктің превенция қызметінің басшысы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы жұмыстарды таныстырып өтті.

Жиынға қатысқан кәсіпкерлер, тұрғындар өздерін толғандырған сауалын қойып, құрылыс, мемлекеттік сатып алу, нормативтік-құқықтық актілер сынды салалардағы атқарылған жұмыстар мен кемшіліктерді талқылады.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ

Ескелді ауданы тұрғындарының назарына!

Жетісу облысының әкімі Исабаев Бейбіт Өксікбайұлы аудан тұрғындарымен 2022 жылдың 09 қарашасында сағат 11.00-де Ескелді аудандық Мәдениет үйінде кездесу өткізеді. Мекенжайы: Қарабұлақ ауылы, Балпық би көшесі, 55.

Тұрғындар тарапынан сұрақ пен ұсыныстар облыс әкімінің ресми блогында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-oblysy/activities/population?lang=kk және Ескелді ауданы әкімдігінің ресми сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-eskeldy/activities/population?lang=kk қабылданады.

Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі «jetisu_akimat»https://instagram.com/jetisu_akimat?igshid=YmMyMTA2M2Y= және Ескелді ауданы әкімдігінің https://instagram.com/eskeldy_press?igshid=YmMyMTA2M2Y= Instagram парақшаларында жүргізіледі.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Игілікті істер мол болды

Күні кеше ғана өткен Республика күні мерекесінде Жаркент қаласындағы көпқабатты үйге жылу беретін блокты-модульді қазандық пайдалануға берілді.

Аудандық Мәдениет үйінде ұйымдастырылған шарада аудан әкімі Марат Сағымбек өңірде жүзеге асқан бірқатар әлеуметтік, экономикалық жетістіктерді саралап, алда атқарылатын жұмыстарға да тоқталды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында Жетісу облысына келген сапарында шекаралы өңірдегі жобалар жайлы тапсырмасын тілге тиек етті. Еңбек ардагерлеріне, озаттарға мемлекеттік және мерекелік наградалар тапсырды. Жиын соңы аудан өнерпаздарының концертіне ұласты.

Аудан әкімдігі үйінің алдындағы алаңда өңірдегі этномәдени орталықтар, аудан мектептері мен мекемелер сурет, қолөнер, ұлттық тағам көрмелерін ұйымдастырды. Қоңырөлең ауылдық округі қазақтың киіз үйін тігіп, ұлттық тағамдарымыз бен қолөнер бұйымдарын жұрт назарына ұсынды. Ауыл өнерпаздары өнерлерін көрсетті.

Жаркент қаласында «Баркөрнеу» саябағы ашылды. Аудан әкімі жерлестеріне демалыс орнын тарту еткен кәсіпкерге алғыс айтты.

Даңқты спортшы Ардақ Назаров жаркенттіктерді құттықтап ардагер ұстаз, ақын Әдепхан Төреханұлы ақ батасын берді. Осындай халыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын іс-шаралар өңірдің барлық ауылдық округтерінде өткізілді. Көктал аулдық округінде «Көктал-Агро» ЖШС көпбалалы ана Мұнира Сламжановаға 4 бөлмелі үйдің кілтін тапсырды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

Қадірменді оқырман, қымбатты Жетісу жұртшылығы!

Алаш рухын арқалаған ақжолтай хабаршы, баршамызға бала кезден етене таныс, көзге ыстық, көңілге қымбат «Jetisý» газеті өзімен аттас Жетісу облысында жалауын желбіретіп отыр. Ғасыр асқан абыз басылым жер жаннаты Жетісу тұрғындарын ақпаратпен қамтуды ары қарай абыроймен жалғастырады. Облыс бөлінгенімен елдік мүдде, Отан деп соққан өршіл жүрек бөлінген жоқ. Ендеше, Жетісу облысында қазығын қаққан қара шаңырақ – көне басылым «Jetisý» газеті әр шаңырақтың төрінен табылсын! Жазылайық!

«Jetisý» жетісулықтармен бірге!



Жалпы жазылу бағасы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	**15469**	5277,60	5587,20	10555,20	11174,40
Зейнеткерлер үшін	**35469**	3333,60	3643,20	6667,20	7286,40
Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	**45469**	3477,60	3787,20	6955,20	7574,40
Жалпы жеке жазылу	**65469**	3693,60	4003,20	7387,20	8006,40

БАСПАСӨЗ - 2023

Ал Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisý» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз:

«Jetisýdyń» электронды нұсқасына (PDF форматына) Талдықорған қаласындағы (Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта) газет редакциясына келіп жазылуға болады.

Редакцияға келіп балама жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4400	8800
2.	Зейнеткерлер үшін	2450	4900
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2550	5100
4.	Жалпы жеке жазылу	3000	6000

Электронды форматтағы (PDF форматына) жазылу:

№	Жазылушылар	6 айға	12 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	4000	8000
2.	Зейнеткерлер үшін	2050	4100
3.	Бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін	2250	4500
4.	Жалпы жеке жазылу	2500	5000

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады:
8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 87477061373, 87474106909

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖОБА

Алматы облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 57 «Алматы облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2022 жылға арналған субсидиялар көлемдерін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 57 «Алматы облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2022 жылға арналған субсидиялар көлемдерін бекіту туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27154 тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулы мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы қаулының 1-1 қосымшасына сәйкес Алматы облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімі бекітілсін»;

көрсетілген қаулының 1-1 қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес толықтырылсын;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі М. СҰЛТАНҒАЗИЕВ

Алматы облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 57 қаулысына 1-қосымша

Алматы облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2022 жылға арналған субсидиялар көлемдері

Р/С №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем (бас, килограмм, дана, доза, бал ара ұясын)	Субсидиялар сомасы (теңге)
	Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:			
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы		180 000	1 800 000 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	Бас/шағылыстыру маусымы	60 000	900 000 000
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	69	6 900 000
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу:	Сатып алынған бас	3 131	469 650 000
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
4.1	Отандық	Сатып алынған бас	699	104 850 000
4.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		265	59 625 000
5.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	Тірідей салмағы, килограмм	900 000	180 000 000
	Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы			
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
1.1	Отандық	Сатып алынған бас	500	100 000 000
1.2	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		125	50 000 000
2.	Сүт өндіру құнын арзандату			
2.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	31 117 315	1 400 279 175
2.2	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық		4 821 000	144 630 000
2.3	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		10 000 000	200 000 000
2.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		6 000 500	120 010 000
3.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерік орталықтарды субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	40 000	200 000 000
	Етті құс шаруашылығы			
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	497 046	298 227 600
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату			
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	42 839 365	3 427 149 165
2.2	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс		281 686	14 084 300
	Жұмыртқалы құс шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	2 000 000	120 000 000
	Қой шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас/ шағылыстыру маусымы	200 000	800 000 000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		720 000	1 800 000 000
2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	Сатып алынған бас	9 990	149 850 000
3.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарақтарының құнын арзандату	Өткізілген бас	2 973	8 919 000
	Шошқа шаруашылығы			
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	3 250	130 000 000
	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:			
1.	Балаға ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балаға ұясы/ маусым	9 000	45 000 000
2.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограм	1 972 082	118 324 920
3.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограм	2 000 000	110 000 000
	Барлығы			12 757 499 160

Қаражат шегінде асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша 2021 жылы резервке (күту парағы) түскен субсидиялар көлемдері

	Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:			
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Бас/шағылыстыру маусымы	8 408	84 080 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		1 052	15 780 000
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	7	700 000
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу:	Сатып алынған бас	126	18 900 000
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
4.1	Отандық	Сатып алынған бас	1 433	214 950 000
	Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы			
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
1.1	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған	Сатып алынған бас	391	156 400 000
2.	Сүт өндіру құнын арзандату:			
2.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	4 895 643	220 303 935
2.2	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		1 409 874	28 197 480
2.3	Ауыл шаруашылығы кооперативі		1 143 530	22 870 600
	Етті құс шаруашылығы			
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	111 108	66 664 800
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату			
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	10 846 460	867 716 800
2.2	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс		357 295	17 864 750
	Жұмыртқалы құс шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	183 000	10 980 000
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)			
2.1	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген дана	85 881 910	128 822 865
	Қой шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу			
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас/ шағылыстыру маусымы	35 712	142 848 000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		135 851	339 627 500
2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	Сатып алынған бас	11 274	169 110 000
3.	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарақтарының құнын арзандату	Өткізілген бас	4 736	14 208 000
	Жылқы шаруашылығы			
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	Сатып алынған бас	3	300 000
	Шошқа шаруашылығы			
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	167	6 680 000
	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:			
1.	Балаға ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балаға ұясы/ маусым	2 854	14 270 000
2.	Түйе сүтін өндіру және өндеу құнын арзандату	Килограм	289 150	15 903 250
	Барлығы			2 557 177 980

Қаражат шегінде ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялау бағытты бойынша 2021 жылы резервке (күту парағы) түскен субсидиялар көлемдері

1.	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы	бас	1 152	69 120 000
2.	Ірі қара малдың аналық басы	бас	75 225	1 128 375 000
3.	Қой малдың аналық басы	бас	466 069	1 165 172 500
4.	Жылқының аналық басы	бас	7 685	76 850 000
5.	Түйелердің аналық басы	бас	141	1 410 000
	Барлығы			2 440 927 500

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша қаражат шегінде Республикалық бюджеттен бөлінген субсидиялар көлемдері

	Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы			
1.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:			
1.1	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған	Сатып алынғанбас	61	13 725 000
1.2	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		531	212 400 000
2.	Сүт өндіру құнын арзандату:			
2.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	8 922 222	401 500 000
	Етті құс шаруашылығы			
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	259 647	155 788 200
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату			
2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	19 819 085	1 585 526 795
2.2	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		1 231 250	73 875 000
	Жұмыртқалы құс шаруашылығы			
1.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5 миллион данадан басталатын нақты өндіріс (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)	Өткізілген дана	564 392 335	1 693 177 005
	Шошқа шаруашылығы			
1.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	7 185	287 400 000
	Барлығы			4 423 392 000

Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат шегінде ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялау бағытты бойынша субсидиялар көлемдері

1.	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы (400 бастан)	бас	7 000	840 000 000
2.	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы (50 бастан 400 басқа дейін)	бас	1 500	60 000 000
3.	Ірі қара малдың аналық басы	бас	50 000	750 000 000
4.	Қой малдың аналық басы	бас	150 000	375 000 000
5.	Жылқының аналық басы	бас	3 000	30 000 000
6.	Түйелердің аналық басы	бас	2 000	20 000 000
	Барлығы			2 075 000 000

Алматы облысы әкімдігінің қаулысына 2-қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 57 қаулысына 1-1 қосымша

Алматы облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидия нормативі, теңге	Өлшем шарттары	Өтінім беру мерзімі
1	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы (400 бастан)	бас	120 000	1) өтінім берген сәтте (24 айдан асқан сиыр мен құнажындардың) өзінің аналық басының 400 бастан кем емес болуы; 2) инфрақұрылымның сәйкестігіне арнайы комиссияның қорытындысын алған сүт-тауар фермалары; 3) өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі;	Ағымдағы жылдың 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
1	Сүтті және сүтті етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы (50 бастан 400 басқа дейін)	бас	40 000	1) өтінім берген сәтте (24 айдан асқан сиыр мен құнажындардың) 50 және 400-ден аспайтын өзінің аналық мал басының кем емес болуы; 2) инфрақұрылымның сәйкестігіне арнайы комиссияның қорытындысын алған сүт-тауар фермалары; 3) өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі;	
2	Ірі қара малдың аналық басы	бас	15 000	1) өтінім берген сәтте (24 айдан асқан сиыр мен құнажындардың) өзінің аналық басының болуы; 2) өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі;	
3	Қой малдың аналық басы	бас	2 500	1) өтінім берген сәтте (18 айдан асқан аналықтардың) өзінің аналық басының болуы; 2) өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі;	
4	Жылқының аналық басы	бас	10 000	1) өтінім берген сәтте (36 айдан асқан аналықтардың) өзінің аналық басының болуы; 2) өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі	
5	Түйелердің аналық басы	бас	10 000	1) өтінім берген сәтте (36 айдан асқан аналықтардың) өзінің аналық басының болуы; 2) өтінімді берген сәтте аналық мал басының САТЖАҚ-та және АЖБ-да тіркелуі және деректердің сәйкестігі	

Аббревиатуралардың жазылуы:
АЖБ – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккор;
САТЖАҚ – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қоры.

ХАБАРЛАНДЫРУ

12.12.2022 ж. сағат 11.00-де «Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-нің «Талдықорған -Ұшарал магистралдық газ құбырының құрылысы» жұмыс жобасына ҚОӘБ жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін барлық мүдделі тұлғалардың назарына жеткізеді.

Өтетін орны: Қаратал ауданы, Үштөбе қ, пр. Қонаев к, 9 үй., акимат ғимаратында.

Zoom конференцияға қосылу үшін сілтеме: https://us02web.zoom.us/j/7411044005?pwd=RWxQMEduRGhSYkJLbzA0T200UThvdz09

Конференция идентификаторы: 741 104 4005

Кіру коды: F4HF4S

Ақпарат алу үшін хабарласыңыз: ecoportal.kz және жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru сілтемесі

Бас жобалаушының өкілі: ЖШС «СП «NEFT» - +77024399555– Койгельдиев Бату; k.batu@spneft.kz; ҚОӘБ жобасын дайындаған: - +7 707 383 7818 – Байжиенова Толқын; jonistf.85@mail.ru.

***

ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Жетысуйской области» до¬водит до сведения всех заинтересованных лиц, что 12.12.2022 г. в 11.00 часов состоятся общественные слушания по проекту ОВОС к рабочему проекту: «Строительство магистрального газопровода «Талдыкорган-Ушарал».

Местопроведение: В здании Акимата Каратальского района, г. Уштобе, пр. Кунаева, д. 9.

Подключение к конференции Zoom: https://us02web.zoom.us/j/7411044005?pwd=RWxQMEduRGhSYkJLbzA0T200UThvdz09

Идентификатор конференции: 741 104 4005

Код доступа: F4HF4S

За информацией обращаться: ссылка на ecoportal.kz и ссылка МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru

Представитель генерального проектировщика: ТОО «СП «NEFT»-+77024399555– Койгельдиев Бату; k.batu@spneft.kz; Разработчик ОВОС: +7 707 383 7818 – Байжиенова Толкын: jonistf.85@mail.ru.

ХАБАРЛАНДЫРУ

02.12.2022 ж. сағат 12.00-де «Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-нің «Талдықорған -Ұшарал магистралдық газ құбырының құрылысы» жұмыс жобасына ҚОӘБ жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін барлық мүдделі тұлғалардың назарына жеткізеді.

Өтетін орны: Ескелді ауданы, Қарабұлақ а.о., с.Қарабұлақ, Оразбеков к, 67, акимат ғимаратында.

Zoom конференцияға қосылу үшін сілтеме: https://us02web.zoom.us/j/7411044005?pwd=RWxQMEduRGhSYkJLbzA0T200UThvdz09

Конференция идентификаторы: 741 104 4005

Кіру коды: F4HF4S

Ақпарат алу үшін хабарласыңыз: ecoportal.kz және жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru сілтемесі

Бас жобалаушының өкілі: ЖШС «СП «NEFT» - +77024399555– Койгельдиев Бату; k.batu@spneft.kz; ҚОӘБ жобасын дайындаған: - +7 707 383 7818 – Байжиенова Толқын; jonistf.85@mail.ru ***

ГУ «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Жетысуйской области» до¬водит до сведения всех заинтересованных лиц, что 02.12.2022 г. в 12.00 часов состоятся общественные слушания по проекту ОВОС к рабочему проекту: «Строительство магистрального газопровода «Талдыкорган-Ушарал».

Местопроведение: В здании Акимата Ескельдинского района, Карабулакский с.о., с.Карабулак, улица Оразбекова, 67;.

Подключение к конференции Zoom: https://us02web.zoom.us/j/7411044005?pwd=RWxQMEduRGhSYkJLbzA0T200UThvdz09

Идентификатор конференции: 741 104 4005

Код доступа: F4HF4S

За информацией обращаться: ссылка на ecoportal.kz и ссылка МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-tabigat?lang=ru

Представитель генерального проектировщика: ТОО «СП «NEFT»-+77024399555– Койгельдиев Бату; k.batu@spneft.kz; Разработчик ОВОС: +7 707 383 7818 – Байжиенова Толкын: jonistf.85@mail.ru.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Конкурстың ұйымдастырушысы: «Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ММ.

Орналасқан жері: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 5

Байланыс телефондары: +7 (747) 112 02 12 , +7 (778) 636 90 96

Конкурстың мәні: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант беру Қағидаларының 2 қосымшасына сәйкес, өтеусіз негізде экономиканың басым секторларындағы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде, ісін жаңадан бастаған жас кәсіпкерлерге, ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру.

Грант сомасы: 5 млн. теңгеге дейін.

Конкурстың түрі: Ашық конкурс.

Бюджет: 96 млн. теңге.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырыс беру орны: «Электрондық үкімет» веб порталы арқылы **«Qoldau.kz»** ақпараттық жүйесінде электрондық нұсқада.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну мерзімдері: 2022 жылғы 21 қарашадан бастап, 2022 жылғы 25 қарашаны қоса алғанда.

Аталған мерзімнен кешіктіріліп түскен тапсырыстар қабылдауға жатпайды.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша тапсырысты және конкурстық құжаттаманың толық топтамасын «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық нұсқада ұсынады. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын электрондық тапсырыстар **(https://www.qoldau.kz)** сілтемесі бойынша беріледі.

Құжаттарды электрондық нұсқада қабылдау онлайн қызметтерін дамыту, заманауи ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану жолымен адами жайттардың әсерін барынша төмендету, мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін барынша автоматтандыру және оларды электрондық түрде көрсету, сондай-ақ коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпкердің «Qoldau.kz» веб-порталы арқылы электрондық өтініш беру тәртібі

«Qoldau.kz» веб-порталының жеке кабинетінде тіркелу үшін пайдаланушылар келесі мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлер) үшін – ЖСН, толық атауы; тегі, аты және әкесінің аты *(ол бар болған жағдайда);*

2) заңды тұлғалар (ЖШС) үшін – БСН, толық атауы; тегі, аты және әкесінің аты *(ол бар болған жағдайда)* және бірінші басшының ЖСН;

3) байланыс деректері *(пошталық мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы);*

4) ЖК/ЖШС екінші деңгейлі банктегі банк шотының деректемелері.

Анықтама үшін: Жоғарыда аталған деректер өзгерген жағдайда, пайдаланушы бір жұмыс күні ішінде жеке кабинетіне енгізілген дербес шотының деректерін өзертеді.

«Qoldau.kz» веб-порталына тіркелгеннен кейін кәсіпкер PDF нысанында құжаттардың келесі сканерленген көшірмелерін өтінішке қоса бере отырып, конкурсқа қатысуға өтініш береді:

1) басшының қолымен және өтініш берушінің мөрімен *(бар болған жағдайда)* расталған өтініш беру сәтіндегі жалдамалы жұмысшылардың орташа саны туралы анықтама;

2) ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкердің оқытудан өткенін растайтын, ескіру мерзімі 2 *(екі)* жылдан аспайтын, құжат *(бар болған жағдайда);*

3) берілетін мемлекеттік грант көлемінен кемінде 10% мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға жұмсалған шығындарды бірлесіп қаржыландыруының *(ақша қаражаттарымен, бизнес-жобаға қатысатын жылжитын)*жылжымайтын мүлікпен) барын растайтын құжат, кәсіпкердің дербес шотында *ақша қаражаттарының немесе бизнес-жобаға қатысатын жылжитын* және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттарының *(халықтың әлеуметтік-осал топтарын, оның ішінде, 3 топ мүгедектерін қоспағанда)* бары туралы банк шотынан үзінді;

4) өтініш берушінің халықтың әлеуметтік-осал топтарына жататын мәртебесінің барын растайтын құжат *(ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы нәтижесінде мәліметтер келіп түспеген жағдайда);*

5) кәсіпкердің экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асырғаны туралы мәліметтерімен қоса жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі *(ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы нәтижесінде мәліметтер келіп түспеген жағдайда).*

Өтініш, оған кәсіпкер электронды цифрлық қолымен қол қою арқылы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеледі және ол өңірлік үйлестірушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Егер, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі өтінішті қабылдаған сәтке дейін, тіркелген өтініште қателердің бары анықталған жағдайда, кәсіпкер қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінішті қайтарып алуға құқылы.

Конкурсқа қатысу үшін кәсіпкер бір өтініш беруге ғана құқылы.

Өтініштер конкурс өткізу туралы хабарландыруда аталған мерзімдерде қабылданады.

Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі 2 (екі) жұмыс күні ішінде кәсіпкер өтінішті тіркеген сәттен бастап, тиісті хабарламаның электронды цифрлық қолын пайдалана отырып, қол қою жолымен оны қабылдағанын растайды. Аталған хабарлама кәсіпкердің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Кәсіпкер құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған, не Бағдарламаның белгіленген талаптарының нысанына сәйкес келмейтін күмәнді деректер немесе құжаттар ұсынған жағдайда, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі кәсіпкерге, оның ұсынған құжаттары бойынша нақты кемшіліктерді көрсете отырып, оны пысықтау үшін, ұсынған құжаттарын қайтарады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Конкурстың ұйымдастырушысы: «Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ММ.

Орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, кеңсе 303.

Байланыс телефондары: +7 (747) 210 07 00, +7 (778) 636 90 96

Конкурстың мәні: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грант беру Қағидаларының 2 қосымшасына сәйкес, өтеусіз негізде экономиканың басым секторларындағы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде, ісін жаңадан бастаған жас кәсіпкерлерге, ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру.

Грант сомасы: 5 млн. теңгеге дейін.

Конкурстың түрі: Ашық конкурс.

Бюджет: 150 млн. теңге.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырыс беру орны: «Электрондық үкімет» веб порталы арқылы «Qoldau.kz» ақпараттық жүйесінде электрондық нұсқада.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну мерзімдері: 2022 жылғы 21 қарашадан бастап, 2022 жылғы 25 қарашаны қоса алғанда.

Аталған мерзімнен кешіктіріліп түскен тапсырыстар қабылдауға жатпайды.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша тапсырысты және конкурстық құжаттаманың толық топтамасын «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық нұсқада ұсынады. Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын электрондық тапсырыстар **(https://www.qoldau.kz)** сілтемесі бойынша беріледі.

Құжаттарды электрондық нұсқада қабылдау онлайн қызметтерін дамыту, заманауи ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану жолымен адами жайттардың әсерін барынша төмендету, мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін барынша автоматтандыру және оларды электрондық түрде көрсету, сондай-ақ, коронавирус инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпкердің «Qoldau.kz» веб-порталы арқылы электрондық өтініш беру тәртібі

«Qoldau.kz» веб-порталының жеке кабинетінде тіркелу үшін пайдаланушылар келесі мәліметтерді көрсетеді:

1) жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлер) үшін – ЖСН, толық атауы; тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болған жағдайда);

2) заңды тұлғалар (ЖШС) үшін – БСН, толық атауы; тегі, аты және әкесінің аты *(ол бар болған жағдайда) және бірінші басшының ЖСН;*

3) байланыс деректері *(пошталық мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы);*

4) ЖК/ЖШС екінші деңгейлі банктегі банк шотының деректемелері.

Анықтама үшін: Жоғарыда аталған деректер өзгерген жағдайда, пайдаланушы бір жұмыс күні ішінде жеке кабинетіне енгізілген дербес шотының деректерін өзертеді.

«Qoldau.kz» веб-порталына тіркелгеннен кейін кәсіпкер PDF нысанында құжаттардың келесі сканерленген көшірмелерін өтінішке қоса бере отырып, конкурсқа қатысуға өтініш береді:

1) басшының қолымен және өтініш берушінің мөрімен *(бар болған жағдайда)* расталған өтініш беру сәтіндегі жалдамалы жұмысшылардың орташа саны туралы анықтама;

2) ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкердің оқытудан өткенін растайтын, ескіру мерзімі 2 (екі) жылдан аспайтын, құжат *(бар болған жағдайда);*

3) берілетін мемлекеттік грант көлемінен кемінде 10% мөлшерінде бизнес-жобаны іске асыруға жұмсалған шығындарды бірлесіп қаржыландыруының *(ақша қаражаттарымен, бизнес-жобаға қатысатын жылжитын/жылжымайтын мүлікпен)* барын растайтын құжат, кәсіпкердің дербес шотында ақша қаражаттарының немесе бизнес-жобаға қатысатын жылжитын және/немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжаттарының *(халықтың әлеуметтік-осал топтарын, оның ішінде, 3-топ мүгедектерін қоспағанда)* бары туралы банк шотынан үзінді;

4) өтініш берушінің халықтың әлеуметтік-осал топтарына жататын мәртебесінің барын растайтын құжат (ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы нәтижесінде мәліметтер келіп түспеген жағдайда);

5) кәсіпкердің экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асырғаны туралы мәліметтерімен қоса жеке кәсіпкерді тіркеу туралы хабарламаның көшірмесі *(ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы нәтижесінде мәліметтер келіп түспеген жағдайда).*

Өтініш, оған кәсіпкер электронды цифрлық қолымен қол қою арқылы субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде тіркеледі және ол өңірлік үйлестірушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Егер, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі өтінішті қабылдаған сәтке дейін, тіркелген өтініште қателердің бары анықталған жағдайда, кәсіпкер қайтарып алу себебін көрсете от

КЕЛБЕТ

«Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын ұстаздікі», – деп Мағжан Жұмабаев бекерге айтпаған. Қашанда ұстазды құрмет тұтып, зиялы қауымның ең биік сатысына қоюы, кемеңгерліктің белгісі. Мұғалімнің алдын көрмеген шәкірт болмайды. Хат танып, адам болып қалыптасуына бірден-бір себепкер жан – ұстаз. Олай болса, адамзат мұғалімге бас иіп, бүгінгі күні үшін мәңгілік қарыздар. Дәл осындай үлкен құрмет иесі, ғұмырын білім-ғылыммен байланыстырып, талай шәкірттің бағын ашқан Гүлнар Қожашеваны да ерекше атап өткенді жөн көріп отырмыз.

Бақытын ғылымнан тапқан ұстаз

Гүлнар Оңалбайқызы жайлы айтпас бұрын, сәл тарихқа шегініс жасап, білікті маманның шыққан тегі жайлы бірер ауыз сөз қозғасақ дейміз. Әкесі – Оңалбай Қожашев еңбек жолын 1953 жылы Кеген Пионер үйінің директоры болып бастаған. 1960 жылы Алматыда зооветеринарлық институтын бітіріп, мамандығы бойынша жұмыс істеген. Көп жылдар бойы Кеген ауандық партия комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Кеген ауданында Қазақ КСР-нің 50 жылдығы атындағы тәжірибе шаруашылығында партия ұйымының хатшысы болды. 1973-74 жылдары Талдықорған облысының Панфилов аудандық партия комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1974 жылы Кербұлақ ауданына ауысып, «Жоламан» ұжымшарында партия ұйымының хатшысы, «Арқарлы» ұжымшарында директор, «Басши» кеңшарында бас зоотехник болып қызмет істеді. Абыройлы қызметтің арқасында жоғары марапаттарға ие болып, еңбегі еленді. Ауыл шаруашылығында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін 1980 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1987 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен және 3 рет ҚКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Анасы – Кулира Азанбекова еңбек жолын Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіргеннен кейін Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалаңаш аулының орта мектебінде химия пәні мұғалімі ретінде бастаған. Зейнетке шыққанша мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры қызметтерін атқарды. Білім саласында еңбегі еленіп, сан мәрте жоғары марапаттарға қол жеткізген білікті ұстаз.

Міне, осындай ел құрметіне бөленген жандардың тәрбиесін көрген Гүлнар Оңалбайқызы да анасының жолын қуып, ұстаздықты таңдады. 1972 жылы Кеген орта мектебін бітіргеннен кейін С. Киров атындағы ҚазМУ-дің механика-математикалық факультетіне оқуға түсіп, 1977 жылы аталмыш оқу орнын ойдағыдай тамамдайды. Қолында дипломы бар жас маман министрліктің берген жолдамасымен Талдықорған педагогикалық институтына жұмысқа келіп, «Геометрия және математиканы

оқыту әдістемесі» кафедрасында ассистент болып алғашқы еңбек жолын бастайды. Содан бүгінгі күнге дейін университетте «Математика және математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасында доцент, академиялық профессор, 2006 жылдан 2016 жылға дейін кафедра меңгерушісі болып қызмет істеді. 2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін кафедра профессоры міндетін атқаруда.

Осы жылдар ішінде Гүлнар Оңалбайқызының алдынан көптеген шәкірт білім алып, бүгінде республиканың барлық аймағында абыройлы қызмет атқарып жүр. Шәкірттің бағын ашып, бойындағы талантын ұштаған Гүлнар Қожашева, оларды білім нәрімен ғана сусындатып қойған жоқ, өмірдің үлкен белестерін бағындыруға бағыттаушы тәлімгер де бола білді.

Бар қажыр-қайратын білім-ғылымға арнаған Гүлнар Оңалбайқызы 2003 жылы *«Оқу үрдісін технологиялық тәсіл негізінде жобалау арқылы болашақ мұғалімдерге математика курсын оқытуды жетілдіру (аналитикалық геометрия және сызықтық алгебра)»* тақырыбында диссертациясын сәтті қорғады, педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды. 2009 жылы педагогика доценті ғылыми атағы берілді.

Университетте оқытушы болған 45 жылда Гүлнар Оңалбайқызы өзін білімді де білікті маман ретінде жан-жақты көрсетті. Үнемі ізденісте жүретін, талапшыл да, жаңашылдыққа жаны құмар оқытушының – шетелдік, республикалық ғылыми журналдарда маңызды мақалалары жарық көріп, жас білімгерлердің қажетті құралына айналып отыр. Гүлнар Қожашева 130-дан астам ғылыми мақала, 3 монография, 11 электронды оқулық және оқу процесінде қолданылып жүрген 23 оқу құралының авторы. Оның жарық көрген еңбектерінің ішінде болашақ мұғалімдердің дайындығын жетілдіруге қажетті және кең қолданыстағы «Аналитикалық геометрия және сызықтық алгебра», «Дифференциалдық геометрия есептері мен жаттығулары», тағы да басқа көптеген еңбектері оқытушыларға әдістемелік көмек бола алады.

Мамандығына адал, жаңа өзгерістер мен жаңашылдықты жаны қалаған Гүлнар Оңалбайқызы, жүйелі түрде ғылыми-теориялық деңгейі мен біліктілігін көтеріп отырады. Студенттер мен магистранттардың ғылыми баяндамаларына, дипломдық жұмыстарына, магистрлік диссертацияларына, ғылыми жобаларына жетекшілік жасайды. Г. Қожашеваның жетекшілігімен 26 магистрлік диссертация қорғалған.

Гүлнар Оңалбайқызы факультет, университет тарапынан өткізілетін қоғамдық істерге белсенді атсалысып отырады. Университеттің ардагерлер кеңесі мен Әдеп кеңесінің мүшесі. Сол сияқты республика көлеміндегі жұмыстарға да қатысып, 2005 жылдан бері ҚР БҒМ комиссиясының құрамында Ұлттық бірыңғай тестілеуді және мемлекеттік аралық бақылауды ұйымдастыру мен өткізілуіне, 2010-2014 жылдары ҚР БҒМ комиссиясының құрамында бірнеше жоғары оқу орындарының лицензиялық талаптарға сәйкестігін тексеруге қатысты. 2011 жылы ҚР БҒМ комиссиясының құрамында «ЖОО үздік оқытушысы» конкурсының сараптамашысы болды.

Бүкіл еңбек жолын жас ұрпақ тәрбиесіне арнап, өз ісінің маманы бола білген Гүлнар Оңалбайқызының көп жылғы ерен еңбегі ескеріліп, қоғам тарапынан лайықты бағасын алып, бірнеше мәрте алғыстармен, Мақтау қағаздарымен, Алматы облыстық мәслихатының Құрмет грамотасымен, «Нұр-Отан» партиясы Алматы облыстық филиал төрағасының Алғыс хаттарымен, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Ы. Алтынсарин», «І. Жансүгіров» төсбелгілерімен және «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. 2019 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері атанды. Г. Қожашеваның еңбектері шетелдерде де танымал, Ресейдің жаратылыстану академиясының профессор атағы және 2016 жылы «Заслуженный деятель науки и техники» атағы берілген. Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы.

Жолдасы Аманғали екеуі ұл-қыз өсірген әке-ана, немере сүйген ата-апа атанып отыр.

Н. ЖАНАТБЕКОВА,
Жаратылыстану жоғары мектебінің деканы п.ғ.к

ОТАН ҚОРҒАУ – ПАРЫЗ

Жастардың жігерін жану қажет

Жастардың Отан алдындағы борышты өтеуге құлшынысы неге төмен? Болашақ сарбаздар әскери міндеттен неге қашады деген сауалдар жиі көтеріледі. Тіпті бұл мәселе қоғамда өзекті болып отырғаны жасырын емес. Оған әскерде болып жатқан келеңсіз оқиғалар басты себеп деп ойлаймыз.

Бұл – жастарға психологиялық жағынан кері әсерін тигізуде. Осыған орай Жетісу облысында жастар мен жасөспірімдер арасында әскери-патриоттық тәрбиені қалыптастыру, отансүйгіштікке баулу мақсатында «Мейірім – 2020» еріктілер қозғалысы қолға алған жоба аясында 10 кәсіптік-техникалық білім беру колледжіне, 5 орта мектепте әскери-патриоттық керуен ұйымдастырылды.

Керуенге алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы, психолог, әлеуметтану мамандары қатысты. Негізгі мақсат – жастар мен жасөспірімдерді отансүйгіштікке тәрбиелеумен қатар, психологиялық қолдау көрсету. Әр маман өз саласы бойынша сұхбат, кері байланыс, тренинг сынды шаралар өткізді. Жастар арасындағы күрделі мәселелелерді анықтап, шешу жолдарын қарастырды, рухани бағыт-бағдар көрсетілді. Аталған жұмыстың барлығы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысымен, азаматтық бастамаларды қолдау орталығының гранты аясында, Алматы студенттер Альянсының шағын жобалары байқауы бойынша жүзеге асуда. Жастармен кездесу керуені мұнымен тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта «Мен өз елімнің патриотымын!» тақырыбында челендж, сондай-ақ, пікірсайыс өткізуді жоспарлап отыр.

Әрине, жастар мәселесі қай уақытта да өзекті. Мемлекеттің болашағы жастардың қолында екені басты назарда ұстау, бүгінгі қоғамның негізгі міндеті. Сол себепті де тәрбиелік маңызы зор шараның жасөспірімдерге шарапаты тиері анық.

Дархан АСҚАНБАЕВ,
«Жас патриот» жобасының жетекшісі
Талдықорған қаласы

ДЕНСАУЛЫҚ

Жазылмайтын ауру жоқ

Қытай, Алтай өлкесі, Ресей мемлекетінде болып, білім-тәжірибесін ұштап қайтқан ҚР Құрметті халық емшісі Азат МҰСАҰЛЫ Алматы қаласында ем жүргізіп жатыр.

Шипагер тамыр ұстап, диагноз қояды. Аурудың 75-ке жуық түрін Алатаудың баурайынан жиналған таза шөп дәрілермен емдейді, алтын ине қояды, теңіз тұзы арқылы бұлаулар жасайды. Хиджама жасау арқылы артық қан алады. Атап айтсақ, шипагер бастың барлық ауруларын және мидағы ісік, бауыр-бүйрек, жүрек, асқазан, шыжың, енге суық тию (простатит), гайморит, тікішек (геморрой), бел, аяқ-қол, буын ауруларының барлық түрін, сонымен қатар, жазылуы қиын деп есептелетін сусамыр (сахарный диабет), кеңірдекшелердің асқынып, қабынуы (бронхиальная астма), әйелдердің жатыр, емшек безі (киста, миома) ауруларын сапалы емдеп жазып жүр.

Шипагердің жол ашуға мүмкіндік жасайтын, арақ қойғыза алатын және тибеттік құпия әдіс – арнайы нүктелерге алтын ине қою, қан алу арқылы 10-15 жылға жасартуды меңгерген ерекше қасиеті бар. Емші 15 жылдық еңбек өтілінде тек алғыс арқалаумен келеді.

Қаралушылардың таза дәретпен, сеніммен келулері керек.

Емшіге көмекшілер қажет. Жалақысы 110-130 мың көлемінде. Жұмысқа қабылдаңғандар үй -жайымен қамтасыз етіледі.

Байланыс телефондары: **8-771-132-42-99, 8-747-479-99-56.** Мекежайы: Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Шаңырақ-2» ықшамауданы, Тоныкөк жырау көшесі, 23-үй.

Қазақстан Халық емшілері қауымдастығы РҚБ №1170 куәлік берген, сертификат №17, 06.01.2020 жылы берілген.

✔ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті» РММ, жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін медициналық және фармацевтикалық қызметтердің сапасы, сондай-ақ, лицензиялау мәселелері туралы сауалдары жайында Жетісу өңіріндегі медициналық және фармацевтикалық қызмет бойынша мына мекенжайға хабарласыңыз: ҚР, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Гауһар ана көшесі, 87 «А», 1-қабат, №108-кабинет, тел.: 8 (7282) 24-06-49, факс: 8 (7282) 24-06-49, e-mail: dkmfk_zhetysu@dsm.gov.kz.

✔ ОБЪЯВЛЕНИЕ

РГУ «Департамент Комитета медицинского и фармацевтического контроля МЗ РК по области Жетісу» сообщает, что по обращениям от физических и юридических лиц на качество оказываемых медицинских и фармацевтических услуг, а также по вопросам лицензирования медицинской и фармацевтической деятельности по области Жетісу, обращаться по адресу: РК, область Жетісу, г. Талдыкорган, ул. Гаухар ана 87 «А», 1-этаж, кабинет №108, тел.: 8 (7282) 24-06-49, факс: 8 (7282) 24-06-49, e-mail: dkmfk_zhetysu@dsm.gov.kz.

Жетісу облысының әкімдігі мен мәслихаты Ақсу ауданы әкімі аппаратының басшысы Серікхан Амангелдіұлы Жақыповқа анасы

Ұлеке Төлеубайқызы Сатылғанованың

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

САҒЫНЫШ

Шағанның биік шыңындай...

Әр адамның өмірдегі өзіндік жолы, тағдыры болады. Біреулер еңбегімен елінің есінде қалып, ағайынның ортасында асқар таудай тұлғасымен дараланады. Сондықтан да болар, өмірден өткеннен кейін әрдайым орны ойсырап, айнала ортасы үнемі елегізіп, оны іздеп тұрады.

Біздің әулеттің тірегі, анамызға асыл жар, балаларға айбарлы әке, немерелеріне ардақты ата бола білген **Ермұханбет Сейітнұрұлы Жамаубаев** да сондай жүрген жерінде жұрттың жүрегіне жол тауып, туған-туыстардың қамын ойлап, отбасының береке-бірлігіне ұйытқы бола білген жан еді. Міне, сол асқар таудай әкеміздің өмірден өткеніне де 40 күн болды. Әлі күнге есікті ашып, мандайы жарқырап кіріп келетіндей көрінеді бізге...

...Әкеміз 1948 жылдың наурызында өзі өмір бойы кие тұтып, мақтанышпен айтып жүретін Шаған тауының бөктеріндегі Ақтекше ауылында дүниеге келген. Осындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Талдықорғандағы зооветеринарлық техникумда оқып, ауылға қажетті мамандық алып шыққан. Отан алдындағы азаматтық борышын да абыроймен атқарады. Арнаулы орта біліммен шектеліп қалмай, Алматыдағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтының өсімдік қорғау факультетін де ойдағыдай тәмамдап, «Ғалым-агроном» мамандығын алады.

Білімді бір кісідей меңгерген, әскер қатарында шыңдалып, ысылған Ермұханбет Сейітнұрұлы өзінің еңбек жолын сол кездегі Андреев ауданында бастап, кейіннен Гвардия, Көксу аудандарында ауыл шаруашылығы бөлімінде, Талдықорған облыстық тәжірибе станциясында мамандығы бойынша қызмет істеген. 1987-2007 жылдары Ескелді ауданының Жалғызағаш ауылында бас агроном болды. 2007 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін осы ауылдағы «Ақылбай» асыл тұқымды жылқы фермасын басқарды.

Қандай қызметке тағайындалса да өзін білімді әрі білікті маман, талапшыл да талғамды басшы ретінде мойындата білді. Айнала ортасына сыйлы болды. Қызметтестері құрмет тұтып, ақыл-кеңесіне үнемі құлақ түретін. Ағайынға қадірлі, досқа адал, отбасына айбар болған әкеміз туған жеріне ештеңені теңестірмейтін. Кей кездері ауылға деген сағынышы өлең шумақтары болып төгілетін. Басқосуларда, отбасылық отырыстарда бата-тілектерін де өз жүрегінен шығарып айтып, жұрттың көңілінен шығатын еді.

Өмір деген осы! Әр нәрсенің уақыты мен шегі бар. Адам тірлігінің де шырқау биікке көтерілер кезі мен тіршілік көшінің үзілер шағы болады. Біздің әулеттің ұйытқысы, ақылшысы болған аяулы әкеміз, ардақты атамызды сағына еске алып, екі қызыңыз бен ұлыңыздан тараған ұрпақтарыңыз сізді мәңгілік естен шығармайды дегіміз келеді. Анамыз да өзіңізбен өткізген мәнді де мағыналы ғұмырын бізге өнеге ретінде айтып отырады. Біз сіздің ағайынға қадірлі, жерлестерге үлгі болған есіміңізге ешқашан көлеңке түсірмейміз.

Алмас ЕРМҰХАНБЕТҰЛЫ

Jetisý
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖАНСАРАЙ

Қарлығаш Есенқызын танығаныма ширек ғасырға таяп қалыпты. Би апамның атындағы театрда бес жылдай әріптес болып бірге еңбек еткеніміз бар. Орынбордың қазағы. Ал Орынбордың тұңғыш астанамыз екенін ескерсек, Ресейдің тумасы деп бөлектеуге еш қақымыз жоқ. Оның үстіне кіндік қаны тамған жері таза қазақы атаумен аталатын Ақбұлақ ауданындағы Жұлдыз ауылы болса, іргеміздегі көршілерімізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны рас. Тек құрығы ұзын ақ патшаның дәуірі мен келмеске кеткен Кеңес одағының тұсында біраз жеріміз Ресейдің иелігіне өтіп, содан бері Орынборымыз Оренбургке айналып, бөтен елдің қаласы болып шыға келді.

Қылқаламның қуаты

Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Әлқисса, осылай толғана келіп, қаламды қолға алғандағы себебім, қылқалам шебері Қарлығаш Есенқызын оқырманға етене жақын таныстыру еді. Ол осыдан тура 60 жыл бұрын, 25 қазан күні жоғарыда аты аталған Жұлдыз ауылында жарық дүниенің есігін ашқан. Бақытты балалық шағы туған топырағында өтті. Тіршілікті қылқаламның ұшында сөйлеткен бойжеткен арманын арқалап сол кездегі астанамыз Алматы қаласына келіп, Абай атындағы мемлекеттік университеттің «Бейнелеу өнері және сызу пәндерінің оқытушысы» факультетіне қабылданды. 1994 жылы оқуын бітіріп, жас маман атанған Қарлығаш 1997 жылдан бастап Талдықорған қаласындағы Бикен Римова атындағы драма театрында еңбек етіп келеді. Орынбордың қызына ақ орамал осы өңірде салынып, Жетісудың келіні атанды. Асыл жары Саят (Салтанат) Айтмұхаметұлы екеуі көзінің ағы мен қарасындай екі қыз тәрбиелеп, өсірді. Қысқаша өмірдерегі осылай.

Суретшілердің әлемі тым бөлек қой. Өз қиялымен жүреді. Сөзге сараң. Ұзақ әңгімедүкен құруға аса құлқы жоқ. Мен білетін Қарлығаш та осындай адам. Есесіне Есенқызының жан дүниесін қолындағы қылқаламының қуатынан сезуге болады. Ақ парақтың бетіне өрнектелген сан түрлі бояудан жансарайың ашылып, басқа бір ғаламшарға еніп кеткендей күй кешесіз. Сурет әлемінде бірнеше жанрды қамтыған. Одан бөлек 30 жылға жуық ғұмырын арнаған театрдағы еңбегі бір төбе. Қаншама спектакльге жан бітіріп, ғасырлар керуенін сахна төрінде жүргізіп өтті? Заманауи қойылымдардың да шешімін дәл тауып, режиссердің ойы мен актердің ойыны Қарлығаштың қылқаламымен үндесіп, суретшінің сахнаға тән қолтаңбасын қалыптастырды. Республикалық театрлар фестивалінде еңбегі еленіп те жатты. Одан бөлек жеке шығармашылық-композициялық суреттері де Қарлығаштың тума талант екенін нақтылай түседі. Отағасына бойұсынып, келген жерінің керегесін шайқалтпай тағдырына жазылып, маңдайына бұйырған театр әлемінің қазығына байланды. Театрдан бөлек жеке шығармашылықпен айналысқанда атағы алысқа жетіп, шетелдерді аралап кетер ме еді, кім білсін?!

Әлқисса, сәрсенбінің сәтті күні Талдықорған қаласындағы көркем-сурет галереясында Бикен Римова атындағы драма театрдың бас суретшісі Қарлығаш Шалабаеваның 60 жылдық мерейтойына арналған «Таңғажайып сәт» атты көрмесі өтті. Шынымен де таңғажайып сәтті бастан өткердік. Он саусағынан өнер тамған Қарлығаштың сан түрлі жанрдағы, сан мың бояулы суреттері қойылған көрмеде Жетісу облыстық мәдениет басқармасынан, Қазақстан Суретшілер одағының облыстық филиалынан, өзі еңбек етіп келе жатқан драма театрдан және туған топырағы Орынбор өңірінен арнайы қонақтар келді. Мерейтой иесіне ақжарма тілегін жеткізген, шығармашылығына ерекше баға берілген рухани шарада Қарлығаш Есенқызына арналған поэзия да оқылды, ән де шырқалды, күй де тартылды. Әсілі, мұндай шарада ресми бөлімнен кейін бірден көрмені тамашалап кететін. Қарлығаштың театр әлемінің бір мүшесі болып кеткенінен шығар, көрмесі де ерекше басталып, бөлекше көңіл-күйде өтті. Тамашалауға келгендердің таңдай қақпағаны болмады. Саналы ғұмырын қылқалам ұшындағы әлемге арнаған Қарлығаш Шалабаеваның ұзақ жылғы еңбегі елеусіз қалмады. Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының иегері, ҚР Мәдениет саласының үздігі атанды. Ал арнайы көрме өткізуін – сахнадан бөлек шығармашылығымен таныстырып, туған елінің алдында бір рет есеп беруі деп қабылдадық. Қарлығаш қанат қылқаламыңыз мұқалмасын, Қарлығаш!

Жұматай ОСПАНҰЛЫ

КЕДЕН

Кеден саласындағы жауапты құрылымдардың бірі – кедендік транзит процедурасы бойынша ресімделген тауар декларацияларын тіркеу және тексеріп шығару тобы. Кедендік транзит процедурасы «Астана-1» ақпараттық жүйесі арқылы электронды түрде ресімделген кезде декларанттар мен кеден өкілдері тарапынан тиісті ақпарларды жалған мәлімдеу немесе декларацияны дұрыс толтырмау деректері жиі кездеседі.

Өз ісінің білгірі



Сондықтан да транзиттік декларацияларды ресімдейтін кеден қызметкері ақпараттық технология мен кеден ісін жетік білетін және өз ісіне өте мұқият болуы қажет. Бір сөзбен айтқанда, транзиттік декларациядағы барлық мәліметтердің дұрыс толтырылғанын қырағы көзбен бір шолып өткенде-ақ аңғаратын кәсіби дәрежеге жетуі тиіс. Өйткені кеден қызметкері әр декларацияны сағаттап тексерсе шекарада көлік кептелісі орын алып, сыртқы экономикалық қызметпен айналысушылар түрлі кедергілерге душар болады.

Сонымен қатар, тауарды транзиттік процедурамен ресімдеу барысында кемшілік анықталған жағдайда, дереу тиісті шараларды қолға алып, кеден өкілдері мен декларанттарды әкімшілік-құқықтық жауапкершілікке тарту да басты міндеттің бірі. Бұған қоса инспекциялық тексеру кешені мен Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитеті ахуалдық бақылау орталығы арқылы «күдікті» деп танылған контейнерлерді кедендік тексеруге қойғызып, транзиттік бағыттағы кедендік операцияларды (контейнерлерден автокөлікке немесе Қытайдан келген контейнерлерден басқа контейнерлерге ауыстырып тиеу, т.б.) басты назарда ұстау да үлкен жауапкершілік пен қағидатшылдықты талап етеді. Олай болмаса кеден тәртібін бұзу әрекеттеріне де жол берілетіні сөзсіз. Сондықтан да аталмыш құрылымдық бөлімшеде қызмет істейтін кеден қызметкерлеріне жүктелетін жауапкершілік аса салмақты.

Осы орайда біздің арамызда кедендік транзит процедурасы бойынша кемшіліксіз жұмыс істеп, жақсы жетістіктерімен көзге түсіп жүрген қызметкерлеріміз де аз емес. Солардың бірі – Жетісу облыстық мемлекеттік кірістер департаменті «Алтынкөл-жол» кеден бекетінің бас маманы Жадыра Қожахметова. Ол «Алтынкөл-жол» кеден бекеті құрылған күннен бастап бір орнында тапжылмай қызмет етіп келе жатқан және аталмыш салаға жаңадан келген жас мамандарға тәлімгерлік жасап жүрген санаулы қызметкерлеріміздің бірі. Сондай-ақ, Жадыра әріптесіміз үстіміздегі жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ешбір ескертусіз жұмыс істеп, білікті де жедел ресімдеушілердің қатарынан көрінді. Атап айтсақ, өткен мерзімде ол 12 738 транзиттік тауар декларациясын рәсімдепті. Бұл көрсеткіш оның бір ауысымдағы жұмыс барысында орта есеппен 150-200 транзиттік декларацияны ресімдеп отырғанын көрсетеді.

Сонымен қатар транзиттік декларациялардың ресімделу тәртібін бұзған және қателіктер жіберген кедендік өкілдерді әкімшілік жауапкершілікке тартуда да жақсы көрсеткіштерге қол жеткізген. Өткен мерзім ішінде ол Қазақстан Республикасы Әкімшілік-құқық тәртібін бұзу кодексінің 535-бабы бойынша (Тауарларды кедендік декларациялау тәртібін бұзу) 16 әкімшілік-құқықбұзушылық дерегін анықтап, нәтижесінде кеден өкілдерінен 574 313 теңге айыппұл өндірді. Бұл, әрине, өз ісін жетік білетін және қызметтік міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын мемлекеттік қызметкердің жарқын үлгісі десек, қателеспейміз.

Бекен НҰРАХМЕТОВ,
Жетісу облыстық мемлекеттік кірістер департаменті «Алтынкөл-жол» кеден бекеті басшысының орынбасары

ӨРЛЕУ

Тың өзгерістер бағыты

Еліміздегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестерін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері мен тиімді нысандарын іздеуді талап ететін, педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіруге қатысты тың өзгерістер енгізіліп отыр.

Мектепке дейінгі мекемелерде жұмыс бағыттарын оңтайландыратын орталықтар құрылып, білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби өсуін, оқу-әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету қолға алынған. Сондай-ақ, жаңа тәсілдер мен нысандарды қарастыра отырып, жүйелі жұмыс талап етілуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының: «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» деп аталатын үшінші бағдарында: «Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды», – деп қадап айтты.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 69 бұйрығымен «Білім» салалық біліктілік шеңберімен «Педагог» кәсіптік стандартын әзірлеу бойынша тиісті жұмыстар атқарылып, қазіргі таңда «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы тарапынан барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Қазан айында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты» АҚ филиалының Жетісу облысы бойынша өкілдігінің ұйымдастыруымен «Педагог» кәсіптік стандартын талқылау жұмыстары онлайн-вебинар түрінде жиын өтті. Талқылауға Алматы, Жетісу облыстарынан жүзге жуық мектепке дейінгі мекеме педагогтері қатысып, өз пікірлері мен ұсыныстарын білдірді. Талқылау жұмысын «Өрлеу» БАҰО АҚ Алматы облысы бойынша кәсіби даму институтының Жетісу облысы бойынша өкілдігінің басшысы Ермек Немербаев (суретте) және өкілдік әдіскері Алмагүл Балшенова өткізді.

Жиында көтерілген мәселенің бірі – «Педагог» кәсіптік стандартының маңыздылығы жайында әңгіме өрбіді. Жиын барысында аталған құжаттың әр педагогтің балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде қажетті біліктілік деңгейін объективті бағалауға және өз жұмыс траекториясын құруына көмегі зор екендігі анықталды.

Анар БУРЛИБАЕВА,
«Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдырған балабақшасы» МКҚК меңгерушісі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі:
«Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32. Қонаев қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55. Талғар ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек, Кеген және Ұйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Серік ҚАНТАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1073
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010. Индексі – 65469.